

**«Педиатрия» пәні бойынша
Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған
тест спецификациясы**

1. Мақсаты: Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.

2. Міндеті: Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

3. Мазмұны: «09120100 - Емдеу ісі» мамандығы, 4S09120101 – Фельдшер біліктілігі, «09130200 - Акушерлік іс» мамандығы, 4S09130201 – Акушер біліктілігі және «09130100 - Мейіргер ісі» мамандығы, 3W09130101 - Күту ісінің кіші мейіргері, 3W09130102 – Массажист, 4S09130103 - Жалпы практикадағы мейіргер біліктіліктеріне арналған «Педиатрия» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Дені сау бала	01	Балалардың динамикалық дамуының процесі .
		02	Неонатология.
		03	Балаларды тамақтандыру
02	Сәбилердің аурулары	04	Асфиксия. Туылу кезіндегі зақымданулар
		05	Жаңа туылған баланың гемолитикалық ауруы.
		06	Тері, кіндік аурулары
03	Фондық аурулар:	07	Фондық аурулар: рахит, атопиялық дерматит, төмен салмақ және анемия
04	Ерте жастағы балалардың ауруларын интеграциялық жүргізу.	08	Ерте жастағы балалардың ауруларын интеграциялық жүргізу: тыныс мүшелерінің аурулары,
		09	БШАБІЕ:диареялық аурулар
		10	Төмен салмақ және анемия
05	Жүрек-қан тамыр жүйесінің, зәр бөлу, эндокрин жүйесінің аурулары	11	Стоматиттер. Туа біткен жүрек ақаулары. Ревматикалық қызба.
		12	Пиелонефриттер. Диффузды гломерулонефрит.
		13	Қант диабеті
06	Қан аурулары	14	Лейкоздар
		15	Геморрагиялық диатездер.
07	Ауа-тамшы инфекциялар	16	Ауа-тамшы инфекциялар. Иммунопрофилактика
08	Педиатриядағы шұғыл жағдайлар	17	Педиатриядағы қауіпті жағдайлар: жалпы қауіпті белгілер
		18	Шұғыл көмек көрсету
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б)			

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Балалардың динамикалық дамуының процесі. Неонатология. Балалардың тамақтануы. Сәбилердің аурулары. Мәтінді есептер. Фондық аурулар: мешел, атопиялық дерматит, төмен

салмақ және анемия. Мәтінді есептер. Формулар. Ерте жастағы балалардың ауруларын интеграциялық жүргізу: тыныс мүшелерінің аурулары, диареялық аурулар. Мәтінді есептер Ас қорыту мүшелерінің, жүрек-қан тамыр жүйесінің, зәр бөлу жүйесінің аурулары. Мәтінді есептер. Қан аурулары Мәтінді есептер.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:

Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін – 2 балл, жіберілген бір қате үшін – 1 балл, екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.В. Ежова, Е.М.Русакова, Г.И. Кашеева. Москва, Оникс,2010г. Учебник «Педиатрия»
2. Ф.А. Мушрапилова.Х.Х. Баймуханова Алматы, «Sunnur», 2011г. Учебное пособие «Педиатрия»
3. Н.Г. Соколова, В.Д. Тульчинская, Феникс, Ростов-на-дону,2011.«Педиатрия с детскими инфекциями» .
4. В.Д. Тульчинская, Н.Г. Соколова, Н.М. Шеховцова,Феникс, Ростов-на-дону,2011.
5. Материалы ВОЗ ИВБДВ.
6. «Оказание стационарной помощи детям», Руководство ВОЗ по стратегии. ИВБДВ, Карманный справочник